

**Шымкент қаласы ДСБ ШЖҚ «№2 Оңалту орталығы» МКК
Байқау кеңесі отырысының
ХАТТАМАСЫ**

Шымкент қаласы

№ 13

17.03.2023жыл

Орналасқан орны: Шымкент қаласы, Диваев көшесі, №32 ғимарат.

Отырысты ашу уақыты және өткізу орны: 17.03.2023ж сағ.12-00,
Шымкент қаласы ДСБ ШЖҚ «№2 Оңалту орталығы» (бұдан әрі Кәсіпорын)
МКК ғимараты.

Байқау кеңесінің мүшелері қатысты: А.О.Сапарғалиева,
М.Н.Зұлтыхар, М.Ж.Карабеков, И.М.Глазевная, Г.Т.Нұрдаулетова

Байқау кеңесінің мүшелері қатыспады: жоқ.

Байқау кеңесі отырысының күн тәртібіндегі сұрақтардың мәні бойынша пікірлері жазылған жазбаша хабарламаларды ұсынды: жоқ.

Кворум туралы ақпарат: бар.

Байқау кеңесінің хатшысы: Д.Д.Избаева

Шақырылған тұлғалар: Шымкент қаласы ДСБ ШЖҚ «№2 Оңалту орталығы» МКК бас есепші Т.К.Нарбекова, экономист А.Бесбай, есепші М.Байболова.

КҮН ТӘРТІБІ:

- 1) Кәсіпорынның 2023 жылғы ұйымдық құрылымын бекіту;
- 2) Қызметкерлерге еңбекақы төлеу туралы ережесіне қосымша келісімін бекіту туралы

Байқау кеңесі осы күн тәртібін қарап шығып, **ШЕШТІ:**

Байқау кеңесінің бүгінгі отырысының күн тәртібі бекітілсін.

Дауыс беру қорытындылары:

ҚОЛДАУ - 5 дауыс (А.О.Сапарғалиева, И.М.Глазевная, М.Ж.Карабеков,
Г.Т.Нұрдаулетова, М.Н.Зұлтыхар)

ҚАРСЫ - 0 дауыс (жоқ)

ҚАЛЫС ҚАЛДЫ (ерекше пікір) - 0 дауыс (жоқ)

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ: 5 дауыспен.

1. Күн тәртібінің бірінші сұрағы бойынша сөз сөйледі - Байқау кеңесінің мүшесі А.О.Сапарғалиева: Кәсіпорында 2023 жылдың наурыз айынан бастап 3 айдан 3 жасқа дейінгі неврологиялық патологиясы бар балаларға жылына 600 келушіге арналған "Қамқорлық" ерте араласу бөлімі ашылды, Кәсіпорынның 2023 жылға ұйымдық құрылымына өзгерістер



енгізілгенін және аталған құрылымды бекітуге ұсынысын жасады.

Байқау кеңесінің мүшесі М.Ж. Қарабеков: Кәсіпорынның құрылымында комплаенс офицер лауазымы қайдан алынды және оған қалай айлықақы төленеді?

Есепші М.Байболова: Іс жүргізушінің 0,5 мөлшерлесінен комплаенс офицер лауазымы 0,5 мөлшерлемеге ауыстыру ведомосі бойынша жүргізілді және іс жүргізушінің 0,5 мөлшерлемесі D санатына жататындықтан комплаенс офицердің лауазымдық жалақысы D санатымен төленеді.

Байқау кеңесінің мүшесі М.Ж. Қарабеков: «Қамқорлық» ерте араласу бөлімі ашылуына байланысты штат көлемі өзгерді ме?

Экономист А.Бесбай: Штат көлемі саны өзгеріссіз, Кәсіпорынның ауыстыру ведомосы арқылы штаттық кестеден құрылды.

Сұрақты қарастыру қорытындысы бойынша Байқау кеңесі **ШЕШТІ:**

Кәсіпорынның 2023 жылғы ұйымдық құрылымы бекітілсін.

Дауыс беру қорытындылары:

ҚОЛДАУ - 5 дауыс (А.О.Сапарғалиева, И.М.Глазбная, М.Ж.Карабеков, Г.Т.Нұрдаулетова, М.Н.Зұлпыхар)

ҚАРСЫ - 0 дауыс (жоқ)

ҚАЛЫС ҚАЛДЫ (ерекше пікір) - 0 дауыс (жоқ)

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ: 5 дауыспен.

2. Күн тәртібінің екінші сұрағы бойынша сөз сөйледі - Экономист А.Бесбай: 2023 жылдың жалпы қаржылық жағдайы бойынша еңбек ақы төлеу қорын, негізгі басқа да шығындарды, бюджеттік мүмкіндіктерді есептеп: 2023 жылға бөлінген әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының 342 мың теңгесінің 222 мың теңгесі еңбекақы төлеу қорын құрайды. Бюджетті қорғау кезінде медицина қызметкерлерінің жалақысын 230 мың теңге мөлшерінде арттыру ескерілді. Қорғалған бюджет ақшасы мен жоспарланған шығындар арасындағы үнемдеу медициналық емес қызметкерлердің айлық ақысын көтеруге жеткілікті екенін айтып өтті.

Байқау кеңесінің мүшесі Г.Т.Нұрдаулетова: «Кәсіпорын қызметкерлеріне еңбекақы төлеу туралы ережесіне» сәйкес бюджеттік үнемдеу кезінде және кредиторлық берешек қарыз болмаған жағдайда қызметкерлерге қажет болған жағдайда Кәсіпорынның ішкі комиссиясының хаттамалық шешімімен айқындауына болатындығын атап өтті.

Сұрақты қарастыру қорытындысы бойынша Байқау кеңесі **ШЕШТІ:**

Кәсіпорын қызметкерлеріне еңбекақы төлеу туралы ережесіне қосымша келісімін бекітілсін.

Дауыс беру қорытындылары:

ҚОЛДАУ - 5 дауыс (А.О.Сапарғалиева, И.М.Глазбная, М.Ж.Карабеков, Г.Т.Нұрдаулетова, М.Н.Зұлпыхар)

ҚАРСЫ - 0 дауыс (жоқ)

ҚАЛЫС ҚАЛДЫ (ерекше пікір) - 0 дауыс (жоқ)

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ: 5 дауыспен.

Байқау кеңесінің төрағасы:



М.Н.Зұлпыхар

Байқау кеңесінің мүшелері:

Г.Т.Нұрдаулетова



И.М.Глазбная



М.Ж.Карабеков



А.О.Сапарғалиева



Байқау кеңесінің хатшысы:



Д.Избаева